| 6.4 | Если Покупатель согласен на корректировку графика/Согласованной даты Доставки согласно Статье 20, то срок остается существенным условием в отношении продленных сроков.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Егер Сатып алушы 20-бапқа сәйкес кестеге/Келісілген жеткізу күніне түзету енгізуге келісімін берсе, онда мерзім ұзартылған мерзімдерге қатысты айтарлықтай талап болып қалады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | If the Buyer agrees to an adjustment to schedule/Agreed Date(s) for Delivery in accordance with Article 20, time will remain of the essence in respect of the extended time.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| 6.5 | Поставщик обязан, после консультации с Покупателем и без ограничения прав или средств защиты Покупателя согласно Статьям 6, 13 и 27, принимать такие меры по исправлению ситуации, которые необходимы для ускорения доставки Товаров, с тем чтобы Товары были доставлены, насколько это возможно, в день Согласованной даты Доставки или максимально близко к ней и смягчать последствия любых задержек.                                                                                                                                                                                                            | Жеткізуші Сатып алушымен келісімге келгеннен кейін 6, 13 және 27-баптарға сәйкес Сатып алушының құқықтары мен қорғау құралдарын шектеместен, Тауарлардың Келісілген жеткізу күнінде немесе оған барынша жақын күндері жеткізілуін қамтамасыз ету үшін Тауарларды жеткізуді жеделдету үшін қажетті жағдайды түзету бойынша шараларды қабылдауға және кез келген кідірістердің салдарын жеңілдетуге міндетті.                                                                                                                                                                 | The Supplier must, after consultation with the Buyer, and without limiting the Buyer's rights or remedies under Articles 6, 13 and 27, take such remedial steps as necessary to expedite and accelerate the delivery of the Goods so that the Goods are delivered on or as close to the Agreed Date(s) for Delivery as is reasonably practicable and to mitigate the effects of any delays.                                                                                                                                                                                       |
| 6.6 | Если Поставщик не может совершить поставку в пределах сроков, предусмотренных в Договоре Поставки, или в пределах сроков, измененных согласно любому Изменению в Договор Поставки, то, кроме случаев, когда задержка вызвана собственными действиями или бездействием Покупателя, Покупатель может, по своему выбору, потребовать от Поставщика совершения действий, указанных в Статьях 6.5 и 6.10, и применить заранее оцененные убытки за задержку доставки в соответствии со Статьей 6.8 (в случае применимости).                                                                                               | Кешіктіру Сатып алушының өз іс-әрекеттерінен немесе әрекетсіздігінен туындаған жағдайларды қоспағанда, егер Жеткізуші Жеткізу шартында көзделген мерзімдер шегінде немесе Жеткізу шартына енгізілген кез келген өзгерістерге сәйкес өзгертілген мерзімдер шегінде жеткізуді жасай алмаса, Сатып алушы өз таңдауы бойынша Жеткізушіден 6.5 және 6.10-баптарда көрсетілген іс-әрекеттерді орындауын талап ете алады және 6.8-бапқа сәйкес (қолданылатын жағдайда) жеткізуді кешіктіргені үшін алдын ала бағаланған шығындарды қолдана алады.                                  | If the Supplier is unable to make delivery within the time stipulated in the Purchase Order and as amended by any Change Orders, the Buyer will, unless the delay results from the Buyer's own action or omission, at its own option, be entitled to demand from the Supplier actions described in Articles 6.5 and 6.10 and apply liquidated damages for late delivery in accordance with Article 6.8 (as applicable).                                                                                                                                                           |
| a)  | у Покупателя возникнет ущерб в результате невыполнения Поставщиком таких обязательств;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Сатып алушыда Жеткізушінің осындай міндеттемелерді орындамауы салдарынан залал пайда болады;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | the Buyer will be damaged by failure of the Supplier to meet such obligations;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| b)  | будет невозможно или крайне сложно рассчитать фактический ущерб, причиненный в результате этого;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | осының салдарынан келтірілген нақты зиянды есептеу мүмкін болмайды немесе өте қиын болады;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | it would be impracticable or extremely difficult to calculate the actual damages resulting therefrom;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| c)  | любые суммы, подлежащие уплате в соответствии с настоящей Статьей 6, носят характер заранее оцененных убытков, а не штрафа, и являются справедливыми и                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | осы 6-бапқа сәйкес төленуі тиіс кез келген сомалар айыппұл емес, алдын ала бағаланған залалдар сипатына ие және әділ әрі қолайлы болып табылады;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | any sums that would be payable under this Article 6 are in the nature of liquidated damages, and not a penalty, and are fair and reasonable;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |

|     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|     | разумными;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| d)  | такой платеж представляет собой разумную оценку справедливой компенсации убытков Покупателя, которых можно обоснованно ожидать в результате такого невыполнения; и                                                                                                                                                                                                                                                   | мұндай төлем Сатып алушының осындай орындамау салдарынан туындаған негізді түрде күтуге болатын залалдарының әділ өтемақысының қолайлы бағасын білдіреді; және                                                                                                                                                                                                                                                                       | such payment represents a reasonable estimate of fair compensation for the losses of the Buyer that may reasonably be anticipated from such failure; and                                                                                                                                                                                                   |
| e)  | Стороны предварительно согласились с применимыми ставками и лимитами возмещения убытков, а также согласны с тем, что заранее оцененные убытки не подлежат оспариванию в соответствии с Законами или любой другой правовой юрисдикцией.                                                                                                                                                                               | Тараптар шығындарды өтеудің қолданылатын мөлшерлемелерімен және лимиттерімен алдын ала келісті, сондай-ақ алдын ала бағаланған залалдар Заңдарға немесе кез келген басқа құқықтық құзыретке сәйкес дауласуға жатпайтындығымен келіседі.                                                                                                                                                                                              | the Parties have pre-agreed to the applicable rates and limits of the damages and further agree that the liquidated damages are not challengeable under the Laws or under any other legal jurisdiction.                                                                                                                                                    |
| 6.7 | Стороны согласовали следующие ставки и лимиты <b>заранее оцененных убытков</b> , по которым Поставщик несет ответственность перед Покупателем:                                                                                                                                                                                                                                                                       | Тараптар <b>алдын ала бағаланған залалдардың</b> келесі мөлшерлемелері мен лимиттерін келісімге алды, ол бойынша Жеткізуші Сатып алушының алдында жауап беретін болады:                                                                                                                                                                                                                                                              | The Parties have agreed the following rates and limits of <b>liquidated damages</b> , for which the Supplier shall be liable to the Buyer:                                                                                                                                                                                                                 |
| a)  | За задержку предоставления Требований к Чертежам и Данным Поставщика (VDDR), как указано в Договоре Поставки: сумму в валюте Договора Поставки, эквивалентную 250,00 (двести пятьдесят) долларов США (по обменному курсу, действующему на дату настоящего Договора Поставки) за каждый календарный день, но не более 10 (десяти) % от Суммы; и                                                                       | Жеткізу шартында көрсетілгендей Жеткізушінің Сызбалары мен Деректеріне (VDDR) қойылатын талаптарды ұсынуды кешіктіргені үшін: Жеткізу шартының валютасындағы сомасын, яғни 250,00 (екі жүз елу) АҚШ доллары (осы Жеткізу шарты жасалған күндегі айырбастау курсы бойынша) мөлшеріндегі сома, әрбір күнтізбелік күн үшін бірақ Соманың 10%-ынан (он) аспайды; және                                                                    | For late delivery of the VDDR, as defined in the Purchase Order: a sum in the currency of the Purchase Order equivalent to USD 250.00 (two hundred and fifty) (at the prevailing exchange rate at the date of this Purchase Order) per calendar day up to a maximum of 10 (ten) % of the Price; and                                                        |
| b)  | За задержку доставки Товаров (включая любую часть Товаров): сумму в размере 0.5 (ноль целых пять десятых) % от той части Суммы Договора Поставки, которая относится к задержанным Товарам, за каждый день просрочки, если положениями настоящего Договора Поставки не предусмотрено продление, но не более 10 (десяти) % от Цены таких Товаров.                                                                      | Тауарларды жеткізуді кешіктіргені үшін (Тауарлардың кез келген бөлігін қоса алғанда): егер осы Жеткізу шартының ережелерінде ұзарту көзделмесе, мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін Жеткізу шарты сомасының ұсталған тауарларға қатысты бөлігінің 0,5% (нөл бүтін оннан бес) мөлшеріндегі сома, бірақ мұндай Тауарлар Бағасының 10%-нан (он) аспайды.                                                                               | For late delivery of the Goods (including any part of the Goods): a sum equal to 0.5 (zero point five) % of the value of part of the Purchase Order Price relating to the Goods delayed, for each calendar day of delay, except as otherwise extended by the provisions of this Purchase Order, up to a maximum of 10% (ten) of the Price of such Goods.   |
| 6.8 | Ответственность Поставщика за несвоевременную доставку в течение 60 (шестидесяти) календарных дней после Согласованной(ых) даты(дат) Доставки ( <b>Дата Длительной Задержки Доставки</b> ) ограничивается размером неустойки, указанной в пункте 6.7 b). Покупатель оставляет за собой право по собственному усмотрению отказаться от применения к Поставщику части или полной суммы неустойки за задержку доставки. | Жеткізушінің Келісілген жеткізу күнінен (күндерінен) кейін 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде уақытылы жеткізбегені үшін жауапкершілігі ( <b>Жеткізудің ұзақ кідірілген күні</b> ) 6.7-b)-тармағында көрсетілген тұрақсыздық айыбының мөлшерімен шектеледі. Сатып алушы өз қалауы бойынша Жеткізушіге жеткізуді кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбының бір бөлігін немесе толық сомасын қолданудан бас тарту құқығын өзіне қалдырады. | The Supplier's liability for late delivery within 60 (sixty) calendar days after the Agreed Delivery Date(s) ( <b>Delivery Long Stop Date</b> ) is limited to the late fee specified in clause 6.7b). The Buyer reserves the right, at its sole discretion, to refuse to apply to the Supplier a part or the full amount of the penalty for late delivery. |
| 6.9 | После наступления Даты Длительной Задержки Доставки, Покупатель, без ограничения каких-либо иных средств правовой защиты, имеющихся у него в соответствии с Законами, может:                                                                                                                                                                                                                                         | Жеткізудің ұзақ кешіктірілген күні басталғаннан кейін Сатып алушы Заңдарға сәйкес өзінде бар қандай да бір құқықтық қорғау құралдарын шектеместен:                                                                                                                                                                                                                                                                                   | After the Delivery Long Stop Date, the Buyer, without limiting any other remedy it may have under the Laws, may:                                                                                                                                                                                                                                           |
| a)  | отказаться от приема любой последующей предлагаемой поставки Товаров;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | кез келген кейіннен ұсынылатын Тауар жеткізілімін қабылдаудан бас тарта алады;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | refuse to accept any subsequent proposed delivery of Goods;                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| b)  | незамедлительно расторгнуть Договор Поставки и потребовать возврата той части Суммы, которая была уплачена Поставщику;                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Жеткізу шартын дереу бұза алады және Жеткізушіге төленген соманың бір бөлігін қайтаруды талап ете алады;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | terminate the Purchase Order with immediate effect and demand refund of the portion of the Price paid to the Supplier;                                                                                                                                                                                                                                     |
| c)  | отказаться от недопоставленной части Товара по Договору Поставки, приобрести товары из альтернативного источника (включая Компании Покупателя) и взыскать с Поставщика стоимость таких товаров, приобретенных у поставщика – третьей стороны; или                                                                                                                                                                    | Жеткізу шарты бойынша Тауардың жеткізілмеген бөлігінен бас тартуға, тауарларды баламалы көзден (Сатып алушының Компаниясын қоса алғанда) сатып алуға және жеткізуші – үшінші тараптан сатып алынған осындай тауарлардың құнын Жеткізушіден өндіріп алуға; немесе                                                                                                                                                                     | cancel the undelivered part of the Goods under the Purchase Order, obtain Goods from an alternative source (including the Buyer Entities), and recover from the Supplier the cost of the Goods acquired from a third party supplier; or                                                                                                                    |



|      |                                                                                                                                           |                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                           |
|------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| d)   | потребовать от Поставщика использования другого вида доставки (например, Air Express), предложенного Покупателем, за счет Поставщика.     | Жеткізушіден Жеткізушінің есебінен Сатып алушы ұсынған жеткізудің басқа түрін (мысалы, Air Express) пайдалануды талап ете алады.                  | require the Supplier to use another form of delivery (for example Air Express) nominated by the Buyer at the Supplier's expense.                                          |
| 6.10 | За отказ от поставки Товара Поставщик уплачивает Покупателю штраф в размере 20 (двадцать) % от суммы не поставленного по Договору Товара. | Тауарды жеткізуден бас тартқаны үшін Жеткізуші Сатып алушыға Шарт бойынша жеткізілмеген Тауар сомасының 20 (жиырма) % мөлшерінде айыппұл төлейді. | For refusal to supply the Goods, the Supplier shall pay the Buyer a fine in the amount of 20 (twenty)% of the amount of the Goods not delivered under the Purchase order. |

## 7 РАЗРЕШЕНИЯ И ЛИЦЕНЗИИ / РҰҚСАТТАР ЖӘНЕ ЛИЦЕНЗИЯЛАР / PERMITS & LICENCES

|     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|-----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 7.1 | Поставщик обязан без дополнительной компенсации и без промедления в обязательном порядке подавать заявления и получать все разрешения, сертификаты и лицензии, соответствующие Условиям Поставки или требуемые уполномоченными государственными органами, в юрисдикцию которых входит Поставка и Поставщик.                                                                                                     | Жеткізуші қосымша өтемақысыз және кідіріссіз Жеткізу талаптарына сәйкес келетін немесе құзыретіне Жеткізу мен Жеткізуші кіретін уәкілетті мемлекеттік органдар талап ететін барлық рұқсаттарды, сертификаттар мен лицензияларды міндетті түрде береді және алады.                                                                                                                                                                     | The Supplier shall ensure it will promptly apply for and procure without additional compensation all permits, certificates and licenses required by the Delivery Terms or governmental authorities having jurisdiction over the Supply and the Supplier.                                                                      |
| 7.2 | Поставщик обязан приложить все разумные усилия, чтобы обеспечить все необходимые сертификаты, документы и разрешения, требующиеся для беспрепятственного ввоза Товаров в Казахстан и эксплуатации в Казахстане.                                                                                                                                                                                                 | Жеткізуші Қазақстанға тауарларды кедергісіз әкелу және Қазақстанда пайдалану үшін талап етілетін барлық қажетті сертификаттарды, құжаттар мен рұқсаттарды қамтамасыз ету үшін бар күшін салуы тиіс.                                                                                                                                                                                                                                   | The Supplier shall use all reasonable endeavours to ensure the Goods have the required certificates, documents and permits to allow unimpeded importation into, and operation in, Kazakhstan.                                                                                                                                 |
| 7.3 | Поставщик обязан строго соблюдать Законы и обеспечивать их строгое соблюдение сотрудниками, агентами и представителями Поставщика, включая, но, не ограничиваясь Законами о труде, технике безопасности и охране труда и здоровья, защите окружающей среды, безопасности рудников, налогообложении, запрете подкупа государственных должностных лиц и коррупционных методов ведения деловой деятельности и т.п. | Жеткізуші Заңдарды қатаң сақтауға және оны өзінің қызметкерлерінің, агенттерінің және өкілдерінің қатаң сақтауын қамтамасыз етуі тиіс, соның ішінде Еңбек туралы заң, қауіпсіздік техникасы және еңбек пен денсаулықты қорғау, қоршаған ортаны қорғау, кеніштердің қауіпсіздігі, салық салу, мемлекеттік лауазымды тұлғаларды параға сатып алуға тыйым салу және іскерлік қызметті жүргізудің сыбайлас жемқорлық әдістерін және т. б. | The Supplier shall strictly comply with, and shall ensure its employees, agents, and representatives strictly comply with Laws, including but not limited to those relating to labour, health and safety, environmental, mine safety, and taxation, and bribery of public officials, corrupt business practices and the like. |

## 8 ГАРАНТИИ И ЗАВЕРЕНИЯ / КЕПІЛДІКТЕР ЖӘНЕ КУӘЛАНДЫРУЛАР / WARRANTIES & REPRESENTATIONS

|     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|-----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 8.1 | Поставщик, в отношении всей Поставки, заявляет и гарантирует Покупателю что:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Жеткізуші барлық Жеткізілімге қатысты Сатып алушыға төмендегілерді мәлімдейді және кепілдік береді:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | The Supplier represents and warrants to the Buyer with respect to all of the Supply that:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| a)  | Поставщик в полной мере компетентен и обладает требуемыми навыками, знаниями, технологиями, системами, ресурсами и управленческой квалификацией для обеспечения Поставки в соответствии с требованиями настоящего Договора Поставки;                                                                                                                                                                                                                                                            | Жеткізуші толық көлемде құзыретті екенін және осы Жеткізу шартының талаптарына сәйкес Жеткізуді қамтамасыз ету үшін талап етілген дағдыларының, білімінің, технологияларының, жүйелерінің, ресурстарының және басқарушылық біліктілігінің бар екенін;                                                                                                                                                                                                                                              | The Supplier is fully competent and possesses the requisite skill, knowledge, technology, systems, resources and management expertise to provide the Supply in accordance with the requirements of this Purchase Order;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| b)  | Вся Поставка будет осуществляться в соответствии с такими методами работы и уровнем качества, стандартами, эффективностью и действиями, которые обычно используются компетентными, опытными и надежными поставщиками для предоставления оборудования, машин и механизмов, материалов, расходных материалов, изготовления, выработки, сборки, инженерных работ, Требований к Чертежам и Данным Производителя Поставщика (VDDR) и связанных с ними услуг, требуемых настоящим Договором Поставки, | Барлық Жеткізу әдетте құзыретті, тәжірибелі және сенімді жеткізушілердің жабдықтарды, машиналар мен механизмдерді, материалдарды, шығыс материалдарын, дайындаманы, өндіруді, құрастыруды, инженерлік жұмыстарды, Жеткізуші өндірушісінің (VDDR) Сызбалары мен Деректеріне қойылатын талаптарды және осы Жеткізу шартында талап етілетін олармен байланысты қызметтерді ұсыну үшін пайдаланатын жұмыс әдістеріне және сапа деңгейіне, стандарттарға, тиімділікке және іс-әрекеттерге сәйкес жүзеге | All of the Supply shall be performed in accordance with practices and levels of quality, standards, performance and acts which are commonly used by competent, experienced and reputable vendors to provide the equipment, machinery, appliances, materials, supplies, manufacturing, fabrication, assembly, engineering, VDDR and related services required by this Purchase Order and which, with respect to any matter for which the Supplier is responsible under this Purchase Order, may be expected in the exercise of reasonable judgment to be accomplished in a manner ensuring reliability, safety, |

|     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|-----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|     | успешное применение которых может ожидать при использовании обоснованных суждений по отношению к любому вопросу, за который Поставщик несет ответственность согласно настоящему Договору Поставки, в порядке, обеспечивающем надежность, безопасность, качество, скорость и соответствие Законам и требованиям настоящего Договора Поставки;                                                                                                                                                                                              | асырылады, олардың ойдағыдай пайдаланылуы Жеткізуші осы Жеткізу шартына сәйкес сенімділікті, қауіпсіздікті, сапаны, жылдамдықты және Заңдарға және осы Жеткізу шартының талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ететін тәртіппен жауапты болатын кез келген мәселеге қатысты негізделген пайымдауларды пайдалану кезінде күтілуі мүмкін;                                                                                                                                                                                                         | quality, expediency and consistent with the Laws and the requirements of this Purchase Order;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| c)  | Товары:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Тауарлар:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | The Goods will:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| i   | соответствуют всем чертежам, спецификациям или другим описаниям, входящим в настоящий Договор Поставки (предоставленным Поставщиком и утвержденным Покупателем);                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | осы Жеткізу шартына кіретін (Жеткізуші ұсынған және Сатып алушы бекіткен) барлық сызбаларға, ерекшеліктерге немесе басқа сипаттамаларға сәйкес келеді;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | comply with all drawings, specifications, or other descriptions forming part of this Purchase Order (and furnished by the Supplier and approved by the Buyer);                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
